



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ
11.04.2024 ж №14

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он бесінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он бесінші сессиясы 2024 жылғы 19 сәуір, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы
О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он бесінші сессиясы 2024 жылғы 19 сәуір, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 19 сәуір, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2024 жылғы 19 сәуір, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы №70 «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы
О.Жәмиев

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Арменпресс» ақпарат агенттігіне берген сұхбатында Армения мен Қазақстан арасындағы мәдени және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың бүгінгі мен келешегін де атап өтті.

Президент екі елдің арасында алтын көпір болған рухани-мәдени байланыстар қазақ-армян ынтымақтастығының қарқынды дамыған бағытының бірі екенін атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша 2006 жылғы 6 қарашадағы Мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім - базалық құжат. Бұдан бастап, салалық министрліктер



Президент қазақ-армян ынтымақтастығының белсенді дамыған бағыттары туралы айтты

мен ведомстволар арасында меморандумдар мен ынтымақтастық бағдарламаларына қол қойылды, олардың негізінде мәдени-білім беру және ғылыми-зерттеу алмасудың түрлі бағыттары бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр.

«Қазақстан Армениядағы қазақ халқы мұрасының құрметтелуін жоғары бағалайтынын ерекше атап өткім келеді. Ереванда Жамбыл және Алматы есімді көшелер бар екенін білемін. 2010 жылдан бастап Ереван мемлекеттік университетінің түркология кафедрасында Абай атындағы Қазақ тілі, мәдениет және тарих орталығы жұмыс істейді. Өз кезегінде елордада Арам Хачатурян атындағы көше, Алматыда Армянская көшесі ашылды. Бірлескен жоспарда біз

халқымыздың ұлы ұлдары құрметіне жаңа көшелер ашуды қарастырамыз. Әрине, мұндай оқиғалардың терең мағынасы бар және оларды екі елдің ғылыми және шығармашылық қоғамдастықтары зор ықыласпен қабылдайды», деді Президент.

Мемлекет басшысының сөзінше 2023-2025 жылдарға арналған мәдениет саласындағы бағдарлама шеңберінде музыка және хореография өнері, мұражай және кітапхана ісі, кино және тарихи-мәдени мұра салаларындағы ынтымақтастықты нығайту көзделген.

«Біздің елдеріміз дәстүрлі түрде түрлі бірлескен іс-шаралар, соның ішінде фестивальдар, көрмелер, концерттер мен театрландырылған қойылымдар өткізеді. 2023

жылы Ереванда Қазақстанның белгілі әншісі Димаш Құдайбергenniң жеке концерті, Армениядағы Қазақ театры күндері, Алматыдан М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық театры мен Қостанайдан келген облыстық драма театры ұжымының гастрольдері өтті. Өз кезегінде Қазақстанда көрнекті композитор және дирижер Арам Хачатурянның туғанына 120 жыл толуына арналған армян ұжымдарының концерттері өтті», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент биыл күзде Қазақстанда Арменияның мәдениет күндерін өткізу жоспарланып отырғанына тоқталды. Айтулы іс-шарада көрермендер Арменияның шығармашылық өмірімен кеңінен танысу мүмкіндігіне ие болады.

«Білім саласындағы және екі елдің жастары арасындағы байланыстарды нығайту үшін де әлеует жеткілікті.

Жастар елдеріміздегі оң өзгерістердің локомотиві болып қана қоймайды. Екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты достық, құрмет және өзара түсіністік негізінде одан әрі нығайту - дәл осы жастардың міндеті.


Осыған байланысты біз үшін білім беру және студенттік алмасуларды қолдау өзекті міндет болып табылады», деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Президент екі елдің спортшылары Қазақстан мен Арменияда өткізілетін түрлі жарыстарға үнемі қатысып жүргенін, Ар-

менияның ұлттық құрамасы биыл қыркүйек айында Астанада өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына шақырылғанын атап өтті.

«Менің Ереванға алдағы сапарым барысында Қазақстан мен Арменияның уәкілетті министрліктері дене шынықтыру және спорт саласындағы 2024-2026 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына қол қояды. Мәдени, студенттік, спорттық делегациялармен алмасу біздің халықтарымызды жақындастырудың, азаматтар арасында байланыс пен достық орнатудың, туризмді дамытудың маңызды тұғырнамасына айналуы тиіс», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жасанды интеллектіні дамытудың перспективасы зор



Президент жасанды интеллектіні жедел дамыту қажет екенін айтты.

«Ғылыми-техникалық прогресс жаһандық экономиканың сипаты мен адамдардың тұрмыс салтының жылдам өзгеруіне ықпал етіп отыр. Күні кеше ғана қиялға жайып болып көрінген технологиялар бүгін шындыққа айналууда. Мұндай жағдайда еліміздің технологиялық және ғылыми-инновациялық дербестігін нығайту үшін бізге барлық мүмкіндікті пайдалану маңызды», деді ел Президенті.

Мемлекет басшысының айтуынша, жасанды интеллектіні дамытудың перспективасы зор. Кейбір бағалау-

лар бойынша жасанды интеллект 2030 жылға қарай әлемдік ЖІӨ-нің 7 пайызын қамтамасыз етеді. Ал 2027 жылға қарай жаһандық жасанды интеллект нарығының капитализациясы 400 миллиард доллардан асады.

«Бүкіл әлемде жасанды интеллект адам еңбегін алмастырып жатыр. Медициналық диагностика және заңгерлік кеңес беру сияқты күрделі салаларда да кеңінен қолданыла бастады. Тіпті, нейрожелілер сурет салып, музыка, өлең жазады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Созақ үні»-ақпарат.

АЛТЫ ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ КӨШЕ ЖАРЫҚШАМДАРЫ ОРНАТЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының ауданымыздың ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі туралы хабарландыру аудандық басылым «Созақ үні» газетінің 2024 жылы 8 сәуір күнгі №26 санында, аудан әкімдігінің әлеуметтік парақшасында, аудан әкімінің жеке парақшасында жарияланған болатын.

Алдын ала бекітіліп, жарияланған кестеге сай аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков Созақ ауылдық округінде болып, белгілінен кестеге сай тұрғындармен кездесті. Онда алдымен биылғы жылы аудан көлемінде атқарылар жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ ауылдық округтегі бірқатар мәселелерді де қамтып өтті.

Кездесудегі мақсатымыз өзекті мәселелерді бірге талқылап, шешу жолдарын қарастыру. Бұған дейін айтылған ұсыныстарыңыз назарға алынып, тиісті жұмыстар атқарылды. Өткен жылы бірқатар түйткілді мәселелердің түйіні шешіліп, Созақ ауылдық округі үшін табысты жыл болды. Биылғы жылы әкімшілік ғимаратының құрылысын бастап, жалпы ұзындығы 6,4 шақырымды құрайтын Абдраманов, Абай және Алибаев көшелеріне көше жарықшамдары орнатылады. Сондай-ақ, облыстық маңызы бар «КХ-2 Уланбел-Созақ-Екпінді» автомобиль жолының құрылысы толық аяқталады. Созақ, Шақырық елді мекендерін тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтуға қатысты тиісті жұмыстар жасалуда. Қосымша ұсыныстарыңыз болса тыңдап, нақты жоспарға сәйкес жұмыс жүргіземіз,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Жиында бірқатар тұрғындар сауалдарын жолдаса, бірқатары жеке мәселелері бойынша өтініштерін жеткізді.

Аудан басшысы халықпен кездесудегі басты мақсатымыз мұң-мұқтажын тыңдап, соның төңірегінде жұмыс жасалатынын айтты. Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің маңыздылығына тоқталып, шешу үшін жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктелді.

1 млрд-қа жуық қаржыны құрайтын жобалар іске асырылмақ

Биыл Сызған және Басбұлақ елді мекендеріндегі су құбыры желілерінің құрылысы аяқталып, елді мекендер орталықтандырылған ауыз сумен қамтылып, Қайнар елді мекені тұрғындарының сұранысына орай ішкі көшелеріне көше жарықшамдары орнатылады. Дәл осылай Сызған ауылындағы Қ.Рүстемов көшесі де көше жарықшамдарымен қамтылып, жалпы ұзындығы 4 шақырымды құрайтын «Қарлығаш», «Мектеп» және «Тастақ» көшелері орташа жөндеуден өтетін болады. Бұған қоса Сызған ауылынан заман талабына сай жабдықталған шағын футбол алаңының жобалық сметалық құжаттамалары әзірленіп, ауылдық округте жалпы құны 1 млрд-қа жуық жобалар іске асырылмақ. Бұл жөнінде аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Сызған ауылдық округі тұрғындарымен өткен есептік жиында баяндады.

Сонымен қатар, КХ-110 «Мардан-Қозмолдақ-Сызған» облыстық автомобиль жолының 0-13,3 шақырымына орташа жөндеу жұмыстарын бастауға қажетті қаржы алдағы болатын бюджеттік нақтылауға ұсынылатынын айтып өтті.

Жиында тұрғындар алдыңғы кездесулерде айтылған өтініштерінің аяқсыз



қалмай, тиісті жұмыстар жасалып жатқанын айтты. Бұл үшін алғыстарын жеткізіп, бірқатар ұсыныс-пікірлерін жолдады. Аудан басшысы айтылған әрбір мәселені назарға алып, заң шеңберінде жауаптар берілді. Шешуге мүмкіндік беретін ұсыныстарды жауапты мамандармен бірлесе талқылап, нақты тапсырмалар жүктелді.

Ауданымыздағы бірден бір Ұлы Отан соғысының көзі тірі ардагері, көзі қарақты ақсақал Мырзахмет Жылысбаев ақ батасын арнап, аудан басшысының алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Ауызбіршілік пен ынтымақ ел ырысы

Жергілікті ақпарат құралдары, әлеуметтік желі беттерінен естіп, көріп, біліп отырғанымыздай ауданда әр сала бойынша түрлі жобалар іске асырылып, аудан үшін табысты жыл болды. Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін нақтылау мақсатында облысқа қарасты аудан, қалалар арасында рейтингі түзіліп, ауданымыз көшбасынан орын алды. Бұл бағыттағы жұмыстар биылғы жылы да қарқын алмақ. Осы жылы ауданда жүріп жатқан ауқымды жобалардың құрылысын аяқтап, бірқатар елді мекендерді орталықтандырылған ауыз сумен қамту, облыстық маңызы бар

кеңінен тоқталып өтті.

Өздеріңіз білетіндей биылғы жылы Қаратау ауылдық округіне қарасты Сарыжаз елді мекеніндегі ауыз су құбыры желілерінің құрылысы аяқталып, елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен қамтылады. Бұған қоса ауыл тазалығын ретке келтіру мақсатында Қаратау ауылында қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигонның құрылысы жайлы. Сарыжаз және Ақсүмбе елді мекендерінің ішкі көшелеріне көше жарықшамдары орнатылып, Ақсүмбе ауылдық клубына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетінін, әрі аудан басшысы Қаратау ауылдық округінде іске асатын жобаларды екшеп өтті. Сонымен, қатар биыл жаз айында ауданымызда өтетін алаш ардақтысы Сұлтанбек Қожановтың 130 жылдығына орай өтілетін шараның ұйымдастыру жұмыстары туралы да ауыл жұртшылығын хабардар етті. Әрі аталмыш шараны ауыз біршілікпен, ынтымақты тірлікпен өз деңгейінде өткізуге үндеді. Есепті жиында ауыл тұрғындары Тұрлыбеков Ерғештай, Жалмұрзаев Мейірбек, Төлепов Байшора жән тағы басқа азаматтар ауылдың тыныс-тіршілігіне қатысты сауалдарын айтып тиісінше нақты жауаптар алды.

Сонымен қатар, көптің көкейінде жүрген «ауданымызға биыл Шу өзенінің суы келер ме екен!» деген сауалға аудан басшысы нақты жауап берді:

«Шуға қатысты Шу өзені қатысты мәселесімен жақында Жамбыл облы-

дыруда. Бұған дейін жіберген сұраныстарға қарамастан су тастау көлемі жеткілікті дәрежеде көбейтілмеген соң арнайы жұмысшы топ құрып, Созақ ауданының аумағынан Ұланбел, Қарабөгет, Мойынқұм, Тасөткел және Таразға дейінгі Шу өзенін жағалап, өзеннің арнасын бағдарладық.

Сапар барысында Жамбыл облысының Шу өзеніне жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жиын өткіздік. Созақ ауданы бағытына тасталынатын судың мөлшерін арттыру мәселесі кеңінен талқыланды. Жиында су көлемін арттырып және оны 1 мамырға дейін тоқтатпау жөнінде өзара келісімге келдік,-деп өз іс сапары туралы да ауыл жұртшылығының назарына салды.

Жиында тұрғындар бірқатар ұсыныс-пікірлері мен түрлі сала бойынша сауалдарын жолдады. Аудан басшысы айтылған әрбір мәселенің маңыздылығын ескеріп, шешу жолдарын жауапты мамандармен бірлесе талқылады. Бірқатар тұрғындар жеке мәселелері бойынша да жүгінді. Жұмыссыздық бойынша жүгінген тұрғындардың мәселесі оң шешімін тауып, өз алғыстарын жеткізді. Аудан басшысы есептік жиыннан соң Қаратау ауылында қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигон құрылысының жұмыс барысымен танысты.

Қарақұрдағы қарышты қадамдар

Бекітілген кестеге сай аптаның соңғы жұмыс күні аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қарақұр ауылдық округінің тұрғындарымен кезекті кездесуін өткізіп, халық игілігі үшін жасалатын жұмыстарды кеңінен баяндады.

«Құрметті ауыл жұртшылығы, сіздердің алдарыңызға алда атқарылар жұмыстарымызды баяндау үшін келіп отырмыз. Сондай-ақ ұсыныс-пікірлеріңізді тыңдап, келелі жоспарымызды бірлесе нақтылайтын боламыз. Биыл Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының жаңа ғимаратын аяқтап, ауыл жастарын бос уақыттарын тиімді пайдаланып, спортқа бет бұру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруға басым бағыт беріледі. Заман талабына сай жабдықталған жабық үлгідегі ойын алаңшасын салып, бұл бағыттағы жұмыстар дәстүрлі түрде барлық ауылдық округтерде жалғасын табады. Бұған қоса 1,4 шақырымды құрайтын Құрманғазы көшесіне көше жарықшамдары орнатылады. Осылайша ауыл округтерді кешенді дамыту мақсатында жасалу қажет жұмыстарды кезек-кезеңімен жүзеге асырамыз. Айтар ұсыныстарыңыз болса тыңдап, алдағы нақтылауда қарастыратын боламыз. Сіздер көтерген әрбір мәселе біз үшін өте маңызды. Оны шешу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз деді,-аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Тұрғындар аудан әкімдігі тарапынан жасалып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, алғыстарын жеткізді. Есептік кездесуде ауыл тұрғындары Сұлтанбек Шәйменов, Нұрәділ Қауқақов, Нышан Аманов, Шекерхан Байғоноғтар өздерінің көкейде жүрген ұсыныс-пікірлерін айтып, оған аудан көлеміндегі бөлім басшылары тарапынан жауаптар берілді. Жұмыс мәселесі бойынша жүгінген азаматтардың өтініштерін өндіріс орны басшыларына жолдады.

Аудан басшысы есептік жиыннан соң Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының жаңа ғимаратының құрылысымен танысты.

Қаратау, Қарақұр ауылдарында болған есептік жиынға аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, аудан әкімінің дербес бөлімдерінің және құқық қорғау бөлімінің басшылары, әр салаға жауапты мекеме басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



жолдар мен ішкі көшелерге орташа жөндеу жұмыстары және көшелерді жарықтандыру, абаттандыру сынды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылады. Бұл жөнінде аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қаратау ауылдық округі тұрғындарымен өткен есептік жиында баяндады. Сондай-ақ ауылдық округте атқарылар жұмыстарға да

сында болдым. Шу өзені суының аудан аумағына келіп, жайылуы аудандағы өзекті мәселелердің бірі. Алдыңғы жылдардан бастап «Тасөткел» су қоймасынан Шу өзенінің төменгі арнасына экологиялық су тастау үрдісі бұзылып, едәуір бәсеңдеуде. Су жылдар бойы қалыптасқан үрдістен кешігіп келу қауіпі бірқатар алаңдаушылықтар ту-

Мамандығы- мақтанышы

Үкімет соңғы жылдары оқушылардың мамандық таңдау мәселесіне үлкен мән беріп келеді. Себебі, жоғары білім алған кейбір мамандар жұмыссыздар санын еселеп көбейтіп жатса, кейбір мамандықтар бойынша мамандар өте тапшы.

Ілгері жоғарғы оқу орындары мамандарды үкіметтің сұранысы бойынша дайындап, сол мамандар дипломдарын алған соң үкімет жіберген аймаққа барып жұмыс жасайтын. Жекеменшік оқу орындары көбейген соң осы үрдіс бұзылды. Қазір жастар маман тапшы өңірлерге жұмысқа бара бермейді, немесе ата-анасы жібермейді. Негізі жас маман еш екіленбей вакансия бар жерлерге барып жұмыс бастау керек. Ол жерде қадірленеді, құрметі жоғары болады. Өз мамандығына деген сүйіспеншілік оянады, ары қарай тәжірибесі шыңдалып тәжірибелі маман болып шығады. Одан кейін қызметтік сатылар баста-



лып сол саланың майталманына айналады. Ал бізде қалай?

Ата-аналар жергілікті жерлердегі сұранысты есепке алмай, орайы келген мамандыққа түсіре салады. Бітіріп келгеннен кейін дорбасын арқалап, таныс-білістерін ортаға салып, мекемелерді жағалайды. Яғни, мекемелерде коррупцияның өршуіне себепші болады.

Ата-аналар мен білім беру ұйымдарына осы мәселеде ойланып, нақты бағыт-бағдармен жұмыс жасайтын уақыт келді. Бұл мәселені көтеруге ауылымыздың тумасы, Рсхад Умиджанның іс-әрекеті себепші болды.

Рсхад Умиджан Пулатұлы 2019 жылы Алишер Науайы атындағы жалпы орта мектебінің 9 сыныбын бітіріп, Семей қаласындағы Геологиялық барлау колледжіне оқуға түскен болатын. 2023 жылы оқуын бітіріп, Техник – геолог мамандығын алып шықты. Жолдамамен Павлдор облысы Экибастуз ауданы «Аяқ –Коджан» пайдалы қазба кен орнына барып геологтің көмекшісі болып жұмыс бастады. Айтуынша жұмысы өзіне ұнайды. Жалақысы да жаман емес. 15 күндік вахталық тәсілмен істейді. Жатын орны, тамағы, жол ақысы тегін екен. Жоғары білім алу үшін дереу Шығыс Қазақстан Техникалық университетінің сыртқы бөліміне Тау кен ісі мамандағы бойынша оқуға түсіп алыпты. Мен Умиджанды оқушылық кезінен білемін. Сол жылдары кейбір үй жұмыстарыма қолғабыс тигізіп тұратын. Өте еңбекқор, тәртіпті, тәрбиелі бала.

Әкесі Абсадиқов Пулат қарапайым жұмысшы. Тиянақтылығының арқасында көп жылдардан бері ауылдағы ірі шаруа қожалықтарының бірінде тапжылмай еңбек етіп келеді. Шаруа қожалық төрағасы оған көп жұмыстарын сеніп тапсырады. Полат балалары Умиджан мен Юсупті жастайынан еңбекке баулады. Еңбекпен шыныққан бала қиыншылықтан қорықпайды. Юсуп өз еркімен әскерге кетті. Ақтауда әскери борышын атқаруда. Отбасы жуық арада әскерден қайтатын ұлдарын күтіп жүр.

Шешесі-Маженова Матлуба “Созақ” балабақшасында күтуші болып жұмыс істейді. Көп балалы ана.

Осы жерде тағы бір айтайын дегенім, Ер дәулеті-еңбек,-демекші, ата-аналар баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеу оның өмірінде өте маңызды роль атқаратынын естен шығармағандары абзал.

Камилжан РЫСМЕТОВ,
ҚР Білім Беру Ісінің Құрметті Қызметкері,
ҚР Журналистер одағының мүшесі,
газеттің штаттан тыс тілшісі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ табиғи апаттан зардап шеккен өңірлерге көмек ретінде 3 млрд теңге көлемінде қаржы бөлді. Бұл қаражат зардап шеккен аудандарға жедел қолдау көрсету үшін Samruk-Kazyna Trust қорына аударылады.

«Біз еліміздің кейбір өңірлеріндегі су тасқынынан туындаған ауыр жағдайға қатты өкінеміз. Осы қиын сәтте біз сіздермен біргеміз. Ұлтымақтастығымыз бен қолдауымыздың белгісі ретінде қызметкерлеріміздің бастамасынан бөлек, Қазатомөнеркәсіп зардап шеккен тұрғындарға



ника инфрақұрылымды қалпына келтіру, аумақтарды судан тазарту және өмірлік маңызды нысандарды қалпына келтіру үшін пайдаланылатын болады.

Бұрын хабарланғандай, компания қызметкерлері қиын жағдайға тап болған тұрғындарға бір күндік жалақысын аудару арқылы өз бетінше көмек көрсетуге шешім қабылдады.

Компания уран өндіруші кәсіпорындардың басым бөлігі елдің оңтүстік өңірлеріндегі су басу қаупі аз шалғай жерлерде орналасқанына қайта назар ау-

Қазатомөнеркәсіп су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге көмек көрсету үшін 3 млрд. теңге бөлді

қаржылай көмек көрсетуге белсенді атсалысуда. Біз кез келген қиындықтарды бірге еңсеріп, зардап шеккен аймақтардың қалыпты өмірін қалпына келтіре алатындығымыздың белгісі - Samruk-Kazyna Trust корпоративтік қорына қосқан үлесіміз», - деп түсіндірді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан

Юсупов.

Сонымен қатар, су тасқынына қарсы күреске «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ табиғи апаттың салдарын жоюға көмек көрсету үшін 120-ға жуық арнайы техника жібереді. Бұл шешім зардап шеккен аудандарға көмектесу үшін компания бастаған кең қолдау бағдарламасының бөлігі болып табылады. Арнайы тех-

дарады.

Қазіргі уақытта су тасқыны компанияның уран өндіру, өңдеу және тасымалдау қызметіне әсер еткен жоқ. Қазатомөнеркәсіптің барлық кәсіпорындары қалыпты режимде жұмысын жалғастыруда.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Бейбарыс балық шаруашылығын бастады

Оқырмандарымыз хабардар болғанындай, міне бір жылдан бері елімізде “Ауыл Аманаты” деген бағдарлама жұмыс жасауда. Мақсаты ауылдың, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік саланың әлеуетін көтеруге арналған бұл бағдарлама әуелі Жамбыл облысында пилоттық

да орын алды. Нақтырақ айтсам, осы Жартытөбе ауылдық округіне қарасты “Бейбарыс” шаруа қожалығының төрағасы Бейбарыс Жолдас Қайратұлы деген кәсіпкер “Ауыл Аманаты” бағдарламасымен 8 млн 500 000 теңге көлемінде 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алған

ген соң, арнайы техникамен алып келеді деп ойлап барыптыз. Сөйтсек, кәсіпкеріміз 15 000 мың шабақ балықты 5 бірдей пакетке сыйдырып жіберген екен. Сонымен, кеш қарая барған біздердің келуімізді күтіп отырған кәсіпкер 15 000 мың дана шабақты арнайы жасалған



жоба ретінде жүрді. Енді міне біздің Түркістан облысында да бұл жоба жұмыс істеп бастады. Жалпы, бұл бағдарламаға мемлекеттен қаралған қаржының көлемі 1 трлн теңгені құрайды. Сол қаржыны кезең-кезеңімен облыс, аудан және ауылдардағы кәсіпкер-шаруалардың алуына әкімдіктер мейлінше жұмыс жасап жатыр. Бұл жайында аудандық “Созақ үні” газетінің кезекті сандарынан және әлеуметтік желілерден өздеріңіз жіті бақылап отырсыздар! Сондай, “Ауыл Аманаты” бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан тағы бір шараның жақында ғана куәсі боп қайттық. Бұл оқиға сәуір айының 4 күні Жартытөбе ауыл әкімдігі, Аққолтық ауылына қарасты Қызыл әули бұлағының басын-

көрінеді! Бизнес жоспарында да балық шаруашылығымен айналысамын деп көрсетіп, Қызыл-көз әулие бұлағының басынан бассейн жасаған екен. Сол бассейнге салу үшін қаладан 15 000 дана форель шабағын алып келіпті. Жаңалықтан хабардар болған біздер, аудан әкімдігі кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов, бас маманы Бердияр Бақтиярұлы, “Аманат” партиясының Созақ аудандық филиалының төрағасы Ернар Сағындық, аудандық “Созақ үні” газетінің аға тілшісі Данияр Бек, Жартытөбе ауыл әкімі Данияр Жүсіпов, бөлім маманы Мұрат Оралы барып қайттық!

Әдетте, балық шаруашылығы саласы таңсық біздің аудан жұртшылығы балық келеді де-

бассейнге көзімізше төкті. Мына жағдайлардың бәрін көзіммен көріп тұрған мен көңілімді күпті еткен сауалдарымды бермей тұра алмадым. Сол сауалдардан бірі: “Сонда “Ауыл аманаты” бағдарламасы бойынша алынған 8 млн 500 000 теңге қаржысы тек тоған жасау мен осы 15 000 шабаққа кетті ма?” - деппін ғой! Кәсіпкердің де жауабы: “Иә, берілген қаржыға бассейн жасап, балық сатып әкелдік. Бұдан бөлек ертең балықтың жемін алып келемін. Бұл жерде балықтың өзінен гөрі маған азығы қымбатқа түсетінге ұқсайды” - деп жауап қайырды. Әрі қарай, кәсіпкердің еңбегіне сәттілік, кәсібі мен нәсібіне берекке тілеп қайттық!

Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.

Шудың суы шекарадан өтіп, Шуға жетті

Менің аудандық «Созақ үні» газетіне қызметке келгендегі 12 жылымның жартысы ауданымыздың кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығына қатысты мақалалар жазумен өтіпті. Сол мақалалардың ішінде де бес- алтауы Шу өзенінің суының ауданымызға келуімен байланысты екен. Жыл сайын көктемде аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері егістік науқан аяқталатын қара күзден бастап, Қырғызстан жерінен бастау алатын Шу өзенінің ауданымызға тиесілі көлемінің Шу өңіріне қарай бөлінуі үшін жұмыс жасай бастайды. Жамбыл облысының, Мойынқұм және Шу аудандарының әкімдіктерімен, «Шу-Талас» су инспекциясының және Шу өзені жиналатын «Тасөткел» су қоймасының басшылықтарымен хабарласып, келіссөздер жүргізеді. Қажет деп тапқан жағдайда ауданнан арнайы жұмысшы топ шығарып, іссапарға барып та қайтып жатады. Нәтижесінде, Тасөткелден тиесілі су босатылып, ауданымыздың шекарасына енгеннен Шу өңіріне барып, аудандық БАҚ пен әлеуметтік желілерде айқайлатып тұрып мақала- посттар жариялап жатамыз. Әрине, жоғарыда айтқанындай «соңғы түйенің жүгі ауыр» дегендей ең соңғы әрі жауапты жұмыс менің еншіме тиіп жатады. Олай дейтінім, әлгі дабылдатып, дабырайтып жарияға жар салған Шу өңіріне су әкелу жұмыстары жергілікті билік ойлағандай, жоспарлағандай жүзеге асқанмен, жергілікті шаруақожалық иелерінің күткендей нәтиже бере бермейді. Олай дейтінім, әу бастан (сонау кеңестік кезеңнен, бір деректерге сүйенсек 1967 жылғы, енді бір дерекке сүйенсек 1988 жылғы қаулыға сәйкес) бұл суды ауданымызға алып келуден мақсат, экологиялық апаттың алдын алу көрінеді. Яғни, аудан қорындағы шабындық және жайылым жерлерді сорланып, тұз басудан қорғау екен. Ал енді, Шу өңіріне қарасты Созақ, Шу, Тасты, Жуантөбе және Қарағұр менен Қаратау ауылдарының шаруалары үшін шудың суы шабындықтары мен жайылымдарын шаю үшін қажет көрінеді. Тіпті, бір кездері Шу өңірінен ауданымызға, қуаңшылық жылдары облысқа шөп дайындалып, егіс те егілген екен. Сол себепті де шудың даласы «Тарақты арық» т.б арықтарға толы көрінеді. Бұл жайлы менүстіміздегі жылдың наурыз айының алғашқы аптасында Шу өңіріндегі Тасты және Жуантөбе ауылдарынан Бақытжан Талдыбаев және Алтай Сәрсенұлы есімді ел ағалары мені Шолаққорғанға іздеп келгендерінде ғана білдім. Жалпы, мені бұрыннан танытын бұл екі азамат әуелі телефоныма хабарласып, жолығып сөйлессек деген бұйымтайлары барын білдірді. Жолыққанымызда да төмендегідей бір-екі бұйымтайларын естідім:

1. Мен төрағасы болып табылатын «Ел Мүддесі» ҚБ- не мүше болуға өтініш білдірді.

2. Бүгінгі тақырыбымызға арқау боп отырған Шу өзені суының ауданымызға келуі жөнінде айтар уәжіміз, ақылдасатын мәселеміз бар деді.

Сонымен, әуелі бірінші өтініштерін қанағаттандырдым. Кейін, жоғарыда айтқанындай, жылда Шу өзенінің суы өңірімізге келгенін жарияға жар сала жазатынымды бірақ, Шу өңірінің шаруалары күткендей болмайтынын айтып реніштерін білдірді. Әрине, маған ауыл шаруашылығы бөлімі қалай тапсырыс береді, солай жазамын деп ақталсам да болар еді. Алайда, айтып отырғандарынан ақиқаттың үлесі барын көрген соң уәждерін дұрыс қабылдадым. Артынан ол кісілер наурыз айының 4 күні аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов бастаған жұмысшы топтың құрамында: «ҚазСушар» РМК (шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны)ның Созақ ауданындағы филиалының басшысы Қанат Тастыбаев, Тасты мен Шу және Жуантөбе ауылының 4- 5 шаруақожалығы бар тұрғындары Жамбыл облысындағы Тасөткел су қоймасын бетке алып барып қайтқандарын сөз етті. Әңгімелерінен түсінгенім біздің ауданнан барған жұмысшы топпен кезде-



суге алдын- ала телефон арқылы Қайырбек Мейірманов келіскендей Жамбыл облысының әкімінің кеңесшісі Ерлан есімді жігіт, «ҚазСушар» РМК- ның Жамбыл облысы бойынша өкілі, «Шу-Талас» су инспекциясының басшысы, «Тасөткел» су қоймасының басшысы Арсен күтіп алған. Жамбылдық тараптың айтуынша, былтырғы, 2023 жылдың күзінде «Тасөткел» су қоймасынан біздің Созақ ауданына тиесілі суды жығып жіберген екен. Алайда, біздің ауданнан барған жұмысшы топ қарсы тараптың бұл уәжімен келіспеген және өздерінің көзімен көргендеріндей, Шу өзенінің байырғы арнасынан ағып өтіп жатқан өңірімізге тиесілі суды Мойынқұм ауданының әкімдігі қолдан «Радай» деген жерден заңсыз бөгет жасап, өздерінің шабындық және жайылым алқаптарына бұрып алғандарын алға тартқан. Соңында, бұлтартпайтын дәлелдер келтірген біздің тараптың келтіргендерінің уәждерінің нәтижесінде жамбылдықтар сәуір айының 11 күні «Тасөткел» су қоймасының шлюздерін ашып, біздің өңірімізге тиесілі судың бір бөлігін жіберуге уәде беріп қалады. Соған, сол наурыздың 11 күні сапарға менің де әрі журналист әрі «Ел Мүддесі» ҚБ-нің төрағасы ретінде жұмысшы топтың құрамына қосылуымды өтінді Шу өңірінен келген шаруалар. Осы кезде аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов та хабарласып, жұмысшы топтың құрамына шақырды. Содан не керек, сәуірдің 11 күні арнайы жұмысшы топ Жамбыл облысын бетке алып, тағы да таңсәріден (ораза айы болғандықтан сәрсенбімізді іше сала) жолға шығып кеттік. Бұл жолы да алдын- ала телефон арқылы келісілгендіктен тиісті сала басшылары мен қызметкерлері бізді «Тасөткел» су қоймасының басында күтіп алды. Ә, айтқандай біз су қоймасына барардан алдын Шу өзенінің суы Қырғызстаннан Қазақстанға өтетін трансшекаралық аймағына барып, көршілес елден ағып кеп жатқан судың көлемін көріп, фото- видеофиксация жасап алдық. Әрі қарай жамбылдықтар амансаулықтан соң бізге әуелі «Тасөткел» су қоймасына сол күнге дейін жиналған судың көлемін көрсетті. Жанымыдағылар өзара: «алдыңғы сапардағыға қарағанда тоғанның сірескен мұздары еріп, судың деңгейі едәуір көтеріліп қапты!» деп қуанып жатты. Мұнан соң, су қоймасының шлюздері орналасқан бөлігіне барып, көзімізше 35 куб текше метр суды біздің ауданымызға кететін су арнасына қарай бұрды. Айтпақшы, бізді күтіп алған делегацияның құрамында тек «Талас- Шу» инспекциясының басшысы ғана болмады. Керісінше, бұл жолғы құрамның қатарында осы «Тасөткел» су қоймасын ұзақ жылдар бойы басқарған Әділхан есімді елағасы болды. Ә, дегенде жырақтау тұрған Әдекең екі тарап Қайырбек Мейірманов қолдан жасап барған Шу өзеніне қатысты картаны ортаға жайып салғанда еріксіз қасымызға кеп қосылды. Аман саулықтан соң, өзін таныстыра келіп: «Жігіттер, менің есімім Әділхан. Ұзақ жылдар бойы осы «Тасөткел» су қоймасының басшысы боп қызмет істедім. Менің негізінен екі отаным бар: бірі Та-

раз болса, екіншісі сіздердің Созақ ауданы деп, бір кездері ауданымызды және «ҚазСушар» РМК- ның Созақ ауданындағы бөлімшесін басқарған арда азаматтардың аттарын атап, құрметін білдірді. Сөз соңында: «Егер менің айтқан тілімді алсаңыздар, сіздер қазір мына суды алмаңыздар. Олай дейтінім, қазіргі жіберілген судың не сіздерге не Жамбыл облысына келтіретін пайда- зияны шамалы. Керісінше, сәл сабыр сақтап, тоғандағы сірескен судың әбден ерігенін күтсеңіздер, бұлар көп суды өздері де бөге ұстап тұра алмайды. Сіздердің өңірге қарай үлкен көлемде су тастауға мәжбүр болады. Сонда ғана үлкен көлемдегі су алдыңғы суларды итере-митере сіздердің диттеген жерлеріңізге дейін жеткізіп береді» деді. Алайда, біз ол кісінің бұл сөзіне құлақ берсек те келісе қоймадық. Нәтижесінде, жолай Шу өзені біздің ауданға қарай басып өтетін арна, бөгет біткенді аралап, Ұланбел арқылы ауылға қайтып.

Жалпы, Шу өзені суының аудан аумағына келіп, жайылуы аудандағы ең өзекті мәселелердің бірі. Алдыңғы жылдардан бастап «Тасөткел» су қоймасынан Шу өзенінің төменгі арнасына экологиялық су тастау үрдісі бұзылып, едәуір бәсеңдеуде. Су жылдар бойы қалыптасқан үрдістен кешігіп келу қауіпі бірқатар алаңдаушылықтар тудыруда. Аудан тарапынан жасалған схраныстарға қарамастан су тастау көлемі жеткілікті дәрежеде көбейтілмеген соң, Шу өңірінің халқының алаңдаушылығын ескерген аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков және арнайы құрылған топ 28 наурыз күні Созақ ауданының аумағынан Ұланбел, Қарабөгет, Мойынқұм, Тасөткел және Таразға дейінгі Шу өзенін жағалап, өзеннің арнасын бағдарлады. Сапар барысында Жамбыл облысының Шу өзеніне жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жиын өтті. Созақ ауданы бағытына тасталынатын судың мөлшерін арттыру мәселесі кеңінен талқыланды. Жиында су көлемін арттыру және оны 1 мамырға дейін тоқтатпау жөнінде өзара келісімге келдік. Арнайы құрылған топ құрамында аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабыл Еспенбетов, «Қазсушар» РМК ТОО Созақ өндірістік бөлімшесінің басшысы Қанат Қайратұлы, аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Бек, Тасты ауылының ауыл биі Шу Талдыбаев Бақытжан және Жуантөбе ауылының тұрғыны Алтай Сәрсенұлы болды. Бұл жолғы сапарымызда Ұланбел арқылы әуелі Мойынқұм ауданына барып, Шу өзенінің ескі, табиғи арнасы менен 1980 жылдары Колбиннің аудандық кеңестің депутаты болған тұсында салынған «айналма» каналдарға соқтық. Колбиннің тұсында деуіме себеп, оған дейін жылдағы әдетімен егістік науқаны аяқталатын қара күзден келесі науқан басталатын көктемнің алғашқы айларына дейін біздің ауданымызға жіберілуі тиіс Шудың суын Мойынқұм ауданының бірнеше ауылдарын су басты деген желеумен жамбылдықтар жібермей қойғанға ұқсайды. Сол уақыттағы, яғни, аудан халқының ұсынысын ескерген ҚР- ның

бірінші басшысы, аудандық кеңестің депутаты Геннадий Колбин мырза сол жылдары сайлаушыларының талап-тілегін ескеріп, мәселенің республикалық деңгейде шешілуіне ықпал еткен көрінеді. Нәтижеде, Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау министрлігінің 1988 жылғы 18 қаңтардағы № 01- 102/4 шешіміне сай Созақ ауданына экологиялық мақсатта тасталынуы тиісті 200, 0 млн текше метр суды аудан аумағына жылма- жыл қалыпты, тұрақты әрі қысқа жеткізіп отырудың бірден- бір тиімді жолы қарастырылады. Сөйтіп, Шудың суын Гуляев, Ұланбел және Қамқалы алқабына жаймай, тікелей Созақ ауданына жеткізу үшін «Фурманов» су торабынан 120 шақырым, сыйымдылығы 45- 50 текше метр болатын «Айналма» канал соғады. Алайда, ел арасында «колбин каналы» аталып кеткен бұл су арнасы бүгінгі таңда қайта қалпына келтіруді және тазалауды қажет етіп отыр. Осы сапар барысында жамбылдықтар ауданнан барған жұмысшы топтың табанды ұсынысын ескеріп, бұған дейін жіберіліп жатқан 34 куб текше метр судың көлемін 50 куб текше метрге ұлғайтты. Мұнан әрі жұмысшы топ Жамбыл облысының әкімінің осы салаға жауапты орынбасарына жолығу үшін Тараз қаласын бетке алып жүрдік. Қалаға барғанымызда бізді «Талас- Шу» су инспекциясының өкілі күтіп алып, облыс әкімдігінің гимаратына дейін жол бастап барды. Жамбыл облысы әкімінің орынбасарымен жолығуға арамсыздан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабыл Еспенбетов, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов пен «ҚазСушар» РМК-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің басшысы Қанат Тастыбаевтар кірді. Кейіннен білдік, біздің жолдан кешігіуімізге байланысты Жамбыл облысы әкімінің орынбасары маңызды бір жиынға кіріп кеткенге ұқсайды. Сөйтіп, бізден барған жұмысшы топ өкілдері Жамбыл облысы әкімінің кеңесші бастаған бірнеше лауазымды тұлғалармен бас қосып, кеңесіп, Шу өзені суын әдеттегідей сәуір айының 15 дейін ғана емес, мамырдың 1 не дейін ауданымызға жіберіп отыратын болып келісіпті. Тағы да егер де «Тасөткел» су қоймасына жиналған судың көлемі артып жатса негізгі келісімшартта көрсетілген 72 куб суымызды толықтай босатуға уәде беріп қалыпты. Сонымен, сапарымыз соңына еріп, Тараз қаласында ауызымызды ашып алып, ауылға қарай жолға шықтық. Міне, сол күннен бері араға 18 күн сап, Шу өзенінің суы ауданымыздың территориясына кіріп, Шу ауылына жетті. Айта кету керек, әзірше жамбылдықтар уәделерінде тұрып, судың көлемін де 72 кубқа жеткізіпті. Енді тек, мамыр айының 1 не дейін босатамыз деген сөздерінде тұрулары ғана қалды. Ал енді, сапар барысында анықталға кедергілер жөнінде ауданымызда әлі де тиісті кісілер кеңесіп, ортақ бір шешім, жоғарыға ұсыныстар әзірленуде. Бұл жайында газетіміздің алдағы сандарында толығырақ жазатын боламын.

Данияр БЕК.

Отбасы дұрыс қоғамның бастауы

Отбасы— қоғамның ең маңызды діңгегі. Бұл діңгектің мызғымас мықтылығы ұлт пен мемлекет іргесінің беріктігінен көрсетеді. Олай болса, ұлт пен мемлекеттің діңгегі ешқашан көзден таса қалмауы тиіс. Адамзаттың нұрлы болашаққа қол жеткізуіне үлес қосу үшін әр адамның арманы, алдында қойған мақсат болуы тиіс. Бұл кезегінде үлгілі жеке тұлға мен өнегелі отбасының қалыптасуына байланысты.

«Отбасы – тәлім-тәрбиенің ең алғашқы ошағы, өскелең ұрпақтың алтын ұясы». «Отбасы тәрбие негіздеріне құрылмаса, қоғамнан ізгіліктің иісі аңқыма-сыянық». Әсіресе, күллі адамзаттың қамын жейтін ұрпақтың тәрбиесі сөз болғанда, оған кез келген отбасының үлгі бола алмасы, белгілі Кемел ұрпақ өсіру үшін алдымен үлгілі (идеал) отбасы қажет.

Отбасының маңыздылығы кез келген қоғам немесе ел іргесінің берік болуы ер мен әйелдің өзара тілек қосып көтерген шаңырағынан, яғни отбасыдан басталады, сондықтан ең бірінші тәрбие отбасыдан басталады тиіс. Сонда ғана тәрбие жұғымды, нәтижелі болмақ. Егер отбасында тәрбие болмаса, қоғамның алға басуы, мүмкін емес. Адамды жетілдіруде тәлім-тәрбие мен үлгі-өнеге отбасы ошақ қасынан бастау алса жемісті болмақ.

Отбасында, жақсы тәрбие алған жан есейе келе алда-жалда қарсы соққан қатты дауылдарға ұрынып, жолдан таймаса, қоғамдық өмірдегі талай келеңсіздіктен көп әсерленбейді, жан дүниесін аман сақтайды. Иә, отбасындағы жетістік-қоғамдық өмірдегі жетістіктің алғашқы баспалдағы.

Ана – ұлтты қалыптастыратын отбасының ең маңызды тірегі. Ана нәрестелердің шат күлкісін кернейтін және бақыт шырағы маздайтын отбасының мәйегі.

Қоғамның ең маңызды тірегі – Отбасы. Бұл тіректің беріктігі ұлттың, мемлекеттің қуаты. Олай болса, ұлт пен мемлекет іргетасының беріктігі жобаның тәжырымдаманың қаншалықты дұрыс жасалғанына байланысты. Сәл бір ағаттық ертең ұлтқа кесірін тигізеді сөзсіз. Сол себепті отбасы мәселесіне аса байыпты қарау керек. Ол-аса маңызды мәселе.

Әуелі іс-әрекетімізді толыққанды мінсіз атқаруымыз қажет, содан соң себептер өз ретімен пайда болады. «Себептерді мінсіз орындау тәуекелге кедергі келтірмейді» деген сөздің мәнісі осы, оны ислами ереже деп те атауға болады. Біз отбасы секілді маңызы кем соқпайтын кішігірім мемлекетті құру барысында аталмыш ережелерге бағынуымыз қажет.

Отбасы құндылығын арттыратын игі істердің бірі – ата-ананы қадірлеу.

Ата-ананың батасы мен разылығын алмаған баланың бағы жана қояр ма? Майлықожажырау:

Қарамай кетсең анаға,

Қаларсың босқа табаға.

Ата-ана көңілін қалдырған,

Баланың бағы жанар ма? – деп жырлаған екен.

Өнегелі отбасы–елдіктің тұтқасы. Сәні мен салтанаты жарасқан, берекелі шаңырық. Берік отбасы–қоғамның тірегі. Отбасы – адам баласының өсіп – өнеге алтын ұясы. Тәрбиенің түп-тамыры отбасынан басталады. Адамды танудың жолы– ол өмір сүрген отбасы.

Отбасының ұстамы ретінде бала бойынан болашақта байқалуы тиіс мәселелер сөз етілуі тиіс, бала ата-ана болудың қандай міндет екенін сезініп өсуі тиіс.

Түйіндей келе, мұндағы көздеген ойымыз–бала бойына ізгілік пен мейірімділік қасиет дарыту. Бұл жерде де ықпал етудің ең төте жолы ретінде–алдымен өзіміз үлгі өнеге көрсетуіміз керек. Ата-ана–әрі ойшыл, әрі білімі мол тәрбеші деген сөз. Әке мен ана балалардың жай-күйін ойлап, үнемі қамқор болғаны жөн.

О бастан негізі берік болып құрылған және материалдық-рухани жағынан төрт құбыласы түгел отбасы – ұлттың ең мықты іргетасы және абыройлы, ізгі ұрпақ өсірудің қасиетті мектебі. Халық отбасылардан құралады, сондықтан отбасы мықты, берекелі болуы керек. Отбасы бір шаңырақ астында өмір сүретін адамдардың парасат-пайымына қарай отбасы болып саналады. Отбасының әрбір тұрғыны сол отбасындағы адамның құндылықтарды қаншалықты жоғары қоятынына қарай бақытты бола алады. Иә, адам отбасымен адам секілді өмір сүрсе, отбасы да өз адамдарымен «үй» болып саналады.

Шаңырақ – кішігірім ел, ал ел – өз кезегінде үлкен бір отбасы. Үлкені-кішілі қандай да бір отбасын мүлтіксіз басқарып, отбасы мүшелеріне адами құндылықтардың дәнін еге білген кісі аз талпыныспен одан дамаңызды істерде жетістікке жете алады. Отбасы – қоғамның негізі элементі. Адамдар бір-бірінің құқығы мен міндеттеріне қаншалықты құрмет көрсете, қоғам да соншалықты берік әрі салауатты болмақ.

Д. АМАНОВ,

Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.

Соңғы кездері қоғамда рухани тоқыраудың әсері ме, не болса соны сиқырға балап, илану көбейіп барады. Қоғамда қандай түйіткілді мәселе туындаса да жеңілдік үстімен, ауырдың астымен шешуді көздеп, көріп-кел, тәуіп, емшіге барып, одан қала бере болашағын болжап беретін, сәттілікке толы күнді айтушы тон пішушілер көбеюде.

Өмірдің қиыншылықтарына тап болған адам үшін уақытша тыныштандыратын, жанға жайлы, құлаққа жағымды сөздер айтатын бақсы-балгерлер ең жақ-

сым әлеммен байланысы бар деп есептейтін наным жүйесі – нумерология.

Бұл ғылым соңғы жылдары танымал болған, көптеген адамдар оны өмірін, қ және болашағын түсіну әдісі ретінде пайдаланады. Нумерология бойынша әрбір әріп пен санда белгілі бір мәліметтер жасрылған, және сол арқылы болашақта қай күн сәтті, қай күн қайғылы болатынын анықтаймыз деп есептейді. Мұны «сандармен пал ашу» деп те атайды. Нумерологияға қазіргі таңда «соқыр сенімділік және

сенімінде адам өміріндегі белгілі сандар (туған күні, неке қиған кезі т.б.) бір планета энергиясымен тығыз байланыста болады. Сандарда адамның мінезі, қабілеті, өмірге келген мақсаты, болашақта орын алатынқиғалары қамтылған деп есептейді. Егер сандар энергияға сәйкес келсе, өмірі жақсы, ал сәйкес келмесе, келеңсіз жағдайлар орын алуы мүмкін деген сенімде. Сючай адамдардың тағдырын өзгертеді деп сенеді.

2023 жылдың 6 қаңтарында Қазақстан мұсылмандары діни

Сандар туралы ғылымның сыры неде?

ын адамындай көрінер. Еңсесі түсіп өзілген пенде әрқашан жылы сөздерден жанына сүйеу тапқысы келері ақиқат. Осылайша, көңілі жүдеу жандар жарнамасы құлақ жарар емші, балгерлерге барып, алдағы өмірінде не күтіп тұрғанын болжатып, соған қарай әрекет еткісі келеді. Бағын аштырамын деп барып, бағын қаштырып жатыр, жолымды аштырамын деп, жаптырып жатыр.

Әлі орын алмаған, қашан болатыны белгісіз істер ғайып хабарларына жатады. Олардың қалай болатындығы жайлы сәуегейлік жасап, бал ашу мұсылман танымына кереғар келетін теріс әрекет. Қасиетті Құран аяттары мен хадистерде ғайып істер жайлы болжам жасаудың үлкен күнә екендігі ескертілген. Алла Тағала «Нәміл» сүресінің, 65-аятында: «(Уа, Мұхаммед) Алладан өзге көктер мен жердегілердің ешбірі ғайыпты білмейді. Олар өздерінің қашан тірілетіндерін де сезбейді деп айт» деген.

Бүгінгі күні мына жұлдыздың ықпалы күшті болып, мынадай жұлдыз астында туылғандардың жолы болады, басқа күні туылса болмайды деген сияқты сандық рақтар исі мұсылманның сеніміне селкеу түсіретін күнәлі істер. Сондай өзін астрологиямен байланыстыратын сандардың тыл-

жалған ғылым» деп баға беріледі. Расында, алдымыздан келетін қиындықты алдын ала біле аламыз ба? Егер болашақты болжай алатын болса неге пайғамбарлар қиындық көрді? Неге алдын ала болжап білмеді деген қарсы сауал туындайды. Құранның «Ағраф» сүресінің 188-аятында: «Айт: «Алла қаламайынша, өзіме не пайда, не зиян келтіруге күшім жетпейді. Егер мен сырын білсем, өзіме жақсылықты арттырар едім, маған жамандық тимес еді» деген. Осыдан-ақ адамның болашағы турасында білмеуі қалыпты екендігін біле аламыз.

Исламдық сенім жүйесі бойынша-сандарға, жұлдыздарға және басқа да жалған ғылыми нәрселерге негізделген болжамдар, сондай-ақ олардың тағдырға әсер етеді деген мәлімдемде жасаулары тыйым салынғандардың қатарында. Дүниедегі барлық құбылыстар мен өзгерістер тек Алланың қалауымен болады. Сонымен бірге тағдырды, болашақты Алладан басқа ешкім білмейді.

Нумерологияның түрлерінің ішінде бүгінгі таңда кеңінен таралған сючай ілімін атап өткен жөн. Сючай – раджа-йога философиясына негізделген нумерологияның бір түрі. Бұл жүйенің

басқармасы «Сючай» жүйесін қолдану шаригатқа қайшы деп пәтуа шығарған. Бұл жүйе бойынша сандарды болжауға сену, Құдайдың құдіретіне күмәндану және адам тағдырын болжау болып табылады.

Исламда мұсылман– тағдырға, жақсылық пен жамандық бір Алладан болатынына сенуі керек, сонымен қатар болашақты болжайтын түрлі сенімдерден аулақ болуы керек.

Қорытындылай келе, нумерология–заманауи ғылымға, діндердің құрамдас бөлігіне, дәстүрлі және мәдени құндылықтарға қайшы және адамдар үшін физикалық және психологиялық зиян тигізеді. Нумерология және соған ұқсас басқа да тылсым күштермен айналысуға, соларға жүгінуге шаригатымыз қатаң түрде тыйым салған. Себебі, оның дүние тіршілігіміз үшін де, ақыреттегі жағдайымыз үшін де ешбір пайдасы жоқ. Оған уақыт бөлу – бос әурешілік. Сонымен қатар, сандар болжамына сеніп, Алланың құдіретіне, тағдырына шек келтіру үлкен күнә саналады.

Г. БЕКЖАН,

Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Салт-дәстүрсіз дін догмаға айналады

Қазақ халқының әрбір салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәні терең. Ұрпаққа адамгершілік құндылықтарды дәріптеу, ақыл мен білімге, өнер мен тәртіпке шақыру үлкенді сыйлау сияқты насихатымен құнды. Салт-дәстүр тәрбиенің бастамасы болып табылады.

Дін–адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Әр халықтың өзіне тән, қоғамның дамуына байланысты ерекшеліктері болады. Мәселен, еліміздің ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі – халқымыздың батырлығы мен ерлік дәстүрін паш етеді.

Дін қоғам үшін қажет. Өйткені ол халықтар бірлігі мен татулығынан тамыр алады. Діни төзімсіздік қоғамды тұрақсыздыққа әкеледі. Қақтығыстарға толы қоғам – қуатсыз. «Білімсіз дін – соқыр, дінсіз білім – ақсақ». Демек, Исламның талабы сол, халықтың діни сауатын ашу, соқыр сенімнің жетегінде жібермеу. Жалпы дін – имандылық ізгі қасиеттердің алтын діңгегі. Ал, дәстүр – ұлтты рухани жандандырып тұратын сипаттар.

Дәстүр – ұлтты рухани жандандырып, оның ішкі және сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттар. Дін бар жерде дәстүр, дәстүр бар

жерде дін бар деп айтуға болады. Ғұрып дегеніміз–бір қоғамда қалыптасқан жағымды әрі қайырлы іс.

Ұлттық бірегейлігімізді сақтап, мәдениет дамытуда салт-дәстүрдің маңызы зор. Рухани құндылығымыздың қайнар көзіне айналған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табуы, ұлт болып сақталудың, ұлттың дамуының негізі. Түрлі мәдениеттердің тоғысқан жаһандану кезеңінде ұлттық рух пен қасиетті сақтайтын салт-дәстүр мен әдет-ғұрып басты қызмет атқарады.

Дәстүрдің таразысы әрі негізі – дін. Рухани жаңғыру жолында да ықпалы зор. Дін–мәңгілік әрі хақ. Дін ісі–тәрбие жолы, адамның рухани азығы.

Табиғатымызбен сабақтасып жатқан шаригатымызды біздің ұлт болып өсуімізге қажет рухани мектеп деп танимын.

Қазіргі заманда Еуропаға еліктеушіліктің зардабын көріп жатырмыз. Сондықтан өзіміздің ұлтымыздың құндылықтары түп-тамырымен жоғалып кетпес үшін, салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуымыз қажет. Қай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Ал, біздің халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезіне,

сеніміне, ырымына қарай қалыптасып келеді. оның ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік және халықтық мәні зор болған.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінен имани ұғымдар мен ұстанымдардың ұқсастығын айыру қиын емес. Бұл Алаш жұртының салт-санасы, ақыл-ойы Ислам дінінен ажырамағандығын аңғартады. Сөз жоқ, ұлттың ұтқыр ойлау жүйесінде ойып тұрып орын алатын мақал-мәтелдер дәстүрлі қазақ мәдениетінің Ислам дінімен біте қайнасып жатқандығын айғақтайды.

Ендеше, «малым жанымның садақасы, жаным арымның садағасы» деп мұсылманшылықты ту еткен сол ата-бабаларымыздың салып кеткен сара жолынан айнымау керек. Қоғамды ынтымаққа ұйытатын, бірлікке бастайтын құндылықтарды қадірлеуіміз қажет. Дәстүрлі дінінен, ділі мен тілінен, әдет-ғұрпынан ажыраған елдің болашағы жоқ. Сол үшін рухани құндылықтарымызды көзіміздің қарашығындай қорғай білгеніміз жөн.

Б.ӨТЕГЕН,

Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ дінтанушы-теолог маманы.

Радиация дегеніміз не?

Қоршаған ортада адам оған әсер ететін түрлі құбылыстарға тап болады. Оларға ыстық, суық, қатты жаңбыр, жауын-шашын, қатты жел, дыбыстар, магниттік және қарапайым дауылдар, жарылыстар және басқа да заттарды жатқызуға болады. Сезімдердің болуына байланысты адам осы құбылыстарға жауап бере алады, біз қорғау шараларын қолданамыз, мысалы, күннен төбенің астына тығыламыз, киім, тұрғын үй, дәрі-дәрмектер, экрандар, баспаналар жәнәт.б. Алайда, табиғатта адам бірден жауап бере алмайтын құбылыс бар – бұл радиоактивтілік.

Радиация жердің құрылымынан бері пайда болды, ол көрінбейтін, иіссіз, дәмсіз. Бірақ радиоактивтіліктің ең жағымсыз қасиеті, оның тірі организмнің тініне әсері болып табылады. Адамға радиацияның әсері сәулелену деп аталады - радиация қуатын азаның жасушаларына беру.

Пайда болуы бойынша радиоактивтілік табиғи (табиғи) және техногендік (жасанды) болып бөлінеді.

Табиғи радиоактивтілік миллиардтаған жылдар бойы бар, ол барлық жерде кездеседі. Жер бетінде, радиациялық сәулелену мүлдем жоқ, орын жоқ. Күн, су, жер, тастар – барлық қоршаған табиғатта белгілі бір радиоактивтілік бар.

Техногендік радиоактивтілік адам қызметінің арқасында туындайды. Бұған тас көмірді, мұнай, газ, басқа да жанғыш қазбаларды өндіру және жағу кіреді, кендерді өндіру және өңдеу кіреді.

Радиоактивті заттар болып табылатын радиация көздері, денеге тамақ пен сумен (ішек арқылы), өкпе арқылы (тыныс алумен) және аз дәрежеде, тері арқылы, сонымен қатар медициналық радиоизотопты

диагностикалаумен түседі (флюорография, рентген, КТ, МРТ т.б.)

Радиациялық сәулеленудің негізгі бөлімі, бұл 87% радиациялық, ғарыштық және жердегі шығу көздерінен пайда болады. Табиғи сәулелену көздері радиоактивті фонды жасайды. Фон сәулеленуінің қарқындылығы жер, құрылыс материалдарының, жыл уақытының, биіктіктің және ауа-райының жағдайы сияқты факторларға байланысты.

Адамның сәулелену деңгейі көптеген факторлардың жиынтығы болып табылады. Олардың бірі табиғи гаммафон, ол әр түрлі жерлерде ерекшеленеді. Егер біздің ауданда радиациялық фон 0,08-0,15 мкЗв / сағ шегінде болса, ол 0,35 мкЗв / сағ радиациялық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Табиғи радиациядан басқа, біз ғимараттардан, қабырғалардан да сәулеленуді, сонымен қатар табиғи газдан – радоннан да аламыз, олар түссіз және иіссіз, көрінбейтін, сезінбейтін, ғимараттардың төменгі қабаттарында жиналады. Біздің ауданда халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, санитариялық қызмет зертхана мамандарының қатысуымен бірнеше жылдан бері қоршаған ортаның радионуклидтермен техногендік және табиғи ластану деңгейіне қазіргі заманғы радиологиялық қондырғыларды (құрылыстарды) қолдана отырып, бақылау жүргізіп келеді. Гаммафонды, радон шоғырлануын тұрғын аудандарда, елді мекендердің және тұрғын және қоғамдық ғимараттарында өлшеу жүргізіледі.

Аймақтағы тұрақты радиациялық жағдайға қарамастан, денсаулық сақтау қызметі қажет емес сәулелену дозаларынан қорғану үшін, қарапайым және тиімді ере-

желерді ұстануға кеңес береді. Мысалы, жерасты сумен жабдықтау көздері пайдалануға берілгенге дейін суды, оның ішінде радиологиялық зерттеу жүргізу ұсынылады.

Тұрғын үйлердегі радон шоғырлануы бірінші қабаттарда жиірек кездесетін стандартталған деңгейден аспайтындығына көз жеткізу үшін мыналарды қамтамасыз ету қажет:

- бірінші қабаттағы үй-жайдың еденін, құбырлар айналасындағы тесіктерді, еден мен қабырға негізі арасындағы түйіспелерді тығыздау;

- тұрғын және қоғамдық ғимараттардың бірінші қабаты еденінің астындағы кеңістікте желдетуді ұйымдастыру;

- радонға төзімді қабырға жабындарын пайдалану және үй-жайларда желдетуді жақсарту.

Үй, дүкен, стадион және басқада құрылысын салудан бұрын, басқа міндетті процедуралармен қатар аумақты радиацияға өлшеу, қолданылатын құрылыс материалдарының қауіпсіздігін бақылау қажет.

Күн сәулесінің астында, әсіресе жазда, күннің ыстығында аз болу керек. Көкөністер мен жемістерді көбірек жеген жөн, радиациядан қорғану үшін калий мен кальцийге бай тағамдарды, сондай-ақ бау бақша жидектерін пайдалану көмектеседі.

**А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»
ШЖҚ РМК ТОФ Созақ
аудандық бөлімшесі
зертхана меңгерушісі,
Ж.ТОЙШЫБЕКОВА,
Созақ аудандық
бөлімшесі санитарлық-
гигиеналық зертхана
маманы.**

«Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттық негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тәртібін түсіндіру туралы ақпарат

«Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжат негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет-көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі болып есептеледі. Мемлекеттік қызметті атқарушылық іс - әрекеттердің жасалу орны бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді. Жеке немесе заңды тұлға-көрсетілетін қызметті алушы, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында белгіленген өтінішті және құжаттарды: көрсетілетін қызметті беруші; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы; портал арқылы жолданатынын хабарлаймыз.

**Б.АБЛАЕВ,
Кентау қалалық ауданаралық мәжбүрлеп орындау аумақтық бөлімі филиалының сот орындаушысы.**

Құтыру ауруынан сақ болыңыз!

Құтыру ауруы - орталық жүйке жүйесінің зақымдануынан агрессивтілікпен, құтыру, тістеу, судан қорқу немесе жартылай салдану, сілекей шұбыру тағы басқа белгілермен ерекшеленіп, жіті өршітін вирустық ауру. Аурудың қоздырғышы - вирус.

Аурудың негізгі жұқпа көзі: Құтыру ауруымен ауырған үй жануарлары, (ит, мысық, сиыр, қой және т.б.), жабайы аңдар (түлкі, қарсақ, қасқыр, жарқанат)

Жұғу жолдары - құтырған ауру жануарлардың сілекейі (тістегенде, тырнағанда дененің жарылған жеріне) арқылы жұғады. Ауру белгілерінің жасырын кезеңі үш аптаға, кейде үш айға созылады. Құтыру ауруы екі түрде - елірме және сал ауруы түрінде өтеді. Ауруға шалдыққан мал еліріп, тұрған қоршауды сүзгілеп, салған шөпті жан-жағына шашып, өзіне жақындаған адамға теп беріп, қалыптан тыс қылықтар көрсетеді. Осы кезеңнің тағы бір белгісі - аузынан сілекей шұбырып терлейді, жиі-жиі зәр шығарады. Астыңғы жақ сүйегі сал болып істемей қалады. Бұл осы аурудың басты белгілерінің бірі болып саналады. Аурудың алғашқы белгілері байқалғаннан кейін бес, ары кеткенде жеті күн өткен соң мал өледі.

Бұл індет иттерде де елірме және сал түрінде өтеді. Бірінші түрі үш күнге дейін созылады. Осы кезде ит қараңғы жерге тығылып үнсіз жатып алады, кейде өзінен-өзі еліріп, өршеленіп үреді. Кез келген жануарға ұмтылып, тіпті өз егесін де тістеуге әрекет жасайды. Өртүрлі заттарды (шөп, тас, темір) шайнап жұтып қоятындай болады, бірақ жұта алмайды. Су іше алмайды, судан қорқады. Жарық пен судан қорқуы құтыру ауруының негізгі белгілері болып саналады. Аузынан көбікті сілекей шұбырады. Астыңғы жақ сүйегі салданып қызметін жоғалтады. Иттің дауысы қарлығып үре алмай-

тын жағдайға жетеді.

Індеттің екінші түрі - сал (паралич) созылмалы болады. Аурудың бұл түрімен ауырған ит төрт, ары кеткенде жеті күн шамасында өледі.

Егер ит (немесе мысық) құтырған болса, арада 8-9 күн өткенде өліп қалады немесе жоғалып кетеді. Сондықтан бақылауға алынған ит (басқа да жануарлар) байлаулы немесе қамаулы тұруы керек. Егер тістеген ит, тістеген күннен бастап есептегенде 11-ші күні өлмей, ауру белгілері білінбей сау болса, онда ол құтыру ауруынан сау болғаны. Демек, күдікті иттің (немесе басқа жануарлардың) тістеген кезде құтыру ауруынан сау болғандығы тек күн есебімен анықталады. 11-ші күні бақылаудағы ит иесі, инспектор және жарақат алған кісі (егер жарақат алған жас бала болса, итті білетін ата-анасының, аға-әпкелерінің біреуі құжаттарымен келуі керек) иттің, сол тістеген ит екеніне, оның аман-сау екендігіне көз жеткізіп, арнайы толтырған қағазға қол қояды. Содан соң ауыл округінің меңгерушісі иттің аурудан амандығы жайлы анықтама береді. Егер бақылаудағы ит өліп қалса, немесе қандай да бір себеппен қашып шығып жоғалып кетсе, ол өлдіге саналады да жарақат алған адамға 90 күн алдын-ала егу емі жасалады.

Ескерту: ит, мысықты үйде ұстау ережелері мұқият сақталуы қажет. Иттерді қыдыртқанда немесе қоғамдық көлік ішінде алып жүргенде оларға міндетті түрде тұмсыққап кигізу керек. Сондай-ақ ит мысықтарды арнайы дәрілейтін мекемелерден тіркеуден өткізіп, оларға тиісті құжат алып, жыл сайын егу жұмыстарын жүргізіп отыру қажет.

**Нұрлан СЕМБЕКОВ,
Құмкент ауыл округі
ветеринариялық бекет
меңгерушісі.**

БЕЗГЕК АУРУЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

Егер Сіз демалысыңызды Оңтүстік-Шығыс Азия, Африка және Оңтүстік Америкада өткізуді жоспарласаңыз немесе жұмыс бабымен баратын болсаңыз осы елдерде тропикалық аурулар мен безгек ауруын жұқтыру қауіпі бар екенін естен шығармаған жөн.

Безгек - жіті паразитарлық аурушаңдық, безгекті қарапайымдылардың плазмодий түрлері тудырады, Anopheles масалары арқылы таралады, ұстамалы қызба, мерзімдік қалтырап тоңу мен дене қызуының көтерілуі, денені тер басу, қан аздылықпен, бауыр және көк бауырдың үлкеюімен сипатталады.

Паразиттің түріне байланысты аурудың жасырын кезеңі 8-30 күнді құрайды, инкубациялық мерзім 6 айдан 3 жылға дейін созылуы мүмкін.

Безгек қоздырғышының бірнеше түрі болады, соның ішінде тропикалық безгек өте ауыр түрде өтеді, дер кезінде ем қабылдамаса науқас адамның миына зақым келіп, өліп кетуі мүмкін.

Безгек адамнан адамға жұқпайды, тек жұқпаның көзі (науқас адам), безгек тарататын масалар және қолайлы климаттық жағдай болғанда ғана безгек ауруының жергілікті жағдайлары тіркеледі, сондықтан науқасты ерте анықтау оның ауруынан тез айығуына және ауруды таралуына жол бермеу болып табылады.

Безгекті өздігінен емдеуге болмайды. Аурудың клиникалық белгілері болса немесе оған күдіктенген жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініп, қанды безгекке тексерту қажет.

Безгекке қарсы вакцинаның жоқтығына қарамастан, аурудың алдын алуға болады. Осыған орай, Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Безгек ауруы кең таралған эндемиялық елдерге баруы туралы шешім қабылдаған барлық азаматтарға мынаны ескертеді: -осы елдерге барар алдында міндетті түрде емдеуші дәрігерге қаралып, безгекке қарсы қолданылатын химиялық препараттардың мөлшері мен қабылдау тәртібі жөнінде кеңес алып, қолдану нұсқамасын қатаң сақтау қажет. Безгекке қарсы химиялық препараттарды эндемиялық елдерге бармас бұрын 1 апта бойы, сол елде болған кезде және елге оралғаннан кейін 4 апта бойы үзбей қабылдау керек. Безгектен қорғанудың ең қарапайым жолы - масаның шағуына жол бермеу, сондықтан оны денеге жолаптайтын репелленттерді өзіңмен бірге алуды ұмытпау керек.

Назар аударамыз, «жылы» тропикалық елдерден оралған туристер, денсаулығы сыр берген жағдайда (басы ауырып, дене қызуы көтерілсе) тез арада тұрғылықты жері бойынша медициналық көмекке жүгінуі қажет. Диагнозды нақтылап, қажетті зертханалық зерттеулер жүргізу үшін міндетті түрде безгек ауруы бойынша эндемиялық елден келгендігі туралы хабарлауы тиіс.

Безгек ауруы бойынша эндемиялық елдерден облыс аумағына тұрақты көшіп келген азаматтар безгек ауруына тексерілуі қажет.

**Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.**

Көмірқышқыл газбен уланудан сақ болайық!

Газбен истену жылыту маусымы кезінде өте жиі кездесетін жағдай болғандықтан басты мәселе болып саналады. Газ иісті және мүлдем иіссіз болып келеді. Иісті газбен уланғанын адам мүлдем сезбей қалуы мүмкін. Иісті газ ауа атмосфера-сына жанудың әсерінен пайда болып таралады. Ол газ және майлы пештер, ағаш, көмір пеші, газ құрылғылары, бассейндергі су жылытқыштар және двигательдерден шығатын газдар. Өрт болып жатқан жерде

немесе пеш құбырларының жарылуы, бітелген түтін жолдары, бітелген құбырлар, иісті газдың тұрғын үй немесе басқа да жабық бөлмелерде иісті газдың жинақталуына әкеліп соқтырады. Адамдар сол иісті газбен ластанған ауамен дем алғанда уланады. Адамның жұтып отырған ауасының құрамында 0,08% көміртегі оксиді (СО) концентрациясының 0,32% -ға көбеюі салдарынан адам сал болып қалу, естен тану жағдайларына әкеліп соқты-

рады. 1,2% -дан жоғары концентрацияда адам 2-3 рет ауа жұтқанның өзінде өміріне 3 минуттан кейін қауіп төнеді. Сол себепті бұл газ өте қауіпті.

Қанат АҚБАЕВ,
Созақ ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.
Нұрасыл САРТАЙ,
Бөлім бастығының м.у.а азаматтық қорғау лейтенанты.

Байытылған ұнның пайдасы

Ұнды фортификациялау оны адам ағзасына қажетті дәрумендермен және минералдармен байытуды білдіреді. Адамның тамақ рационында фолий қышқылы мен дәрумендердің жетіспеушілігі анемия, жүрек-қан тамырлары ауруларына, ана мен бала өліміне себеп болады. Технологиялық өңдеу кезінде көптеген азық-түлік өзінің құнарлылығын азайтады. Бұларды қайта қалпына келтірудің бір жолы — ұнды дәрумендермен және микроэлементтермен байыту. Күнделікті қолдануға тағам болғандықтан адам ағзасына аса қажет темір, фолий қышқылы және дәрумендерді ұнға қосу тиімді. Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 160-бабы, 3-тармағында темір жетіспеушіліктің алдын-алу мақсатында ел аумағына сатылатын жоғарғы және бірінші сортты бидай ұнын құрамында темірі бар дәрумендермен, минералдар және басқа да заттармен міндетті байыту (фортификациялау) көзделген. Құрамында темірі бар дәрумендер мен минералдарды сатып

алғаннан гөрі фортификацияланған ұнды қолданған әлдеқайда тиімді. Темір жетіспеушіліктің бірден бір алдын алу принциптерінің бірі — ұнды құрамында темірі бар дәрумендермен, минералдармен байыту. Темірмен байытылған ұнды қолдану адам ағзасында темірдің артуына әкелмейді. Ұнды қажетті минералдармен байыту минералды заттардың жетіспеушілігінің алдын алады. Гемоглобин нормасы қалыпқа келу үшін байытылған ұн мен нанды 1-2 жыл тұрақты қолдану қажет. Ұнды және өзге де тамақ өнімдерін құрамында темір бар витаминдермен, минералдармен және басқа да заттармен байыту (фортификациялау) принциптерімен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын жоғары және бірінші сортты бидай ұны міндетті түрде құрамында темір бар витаминдермен, минералдармен және басқа да заттармен байытылуға (фортификациялануға) жатады. Тамақ өнімдерін байыту (фортификациялау) тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Тағамнан улану қауіпті!

Мейрам күндері дастархан жаю біздің ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүр және дастархандағы тағам түрінің алуан түрлі болуы жаңа жыл молшылық әкелуі ұғымымен байланысты. Алайда, мейрамның бірнеше күніне жететін мол тағамды дайындай жүріп, ұзақ сақталған тамақтың денсаулыққа кері әсерін тигізетінін ұмытпайық. Көбінде, тамақтан улану жағдайы мейрамның үшінші күндерінде дереу артады, оның себебі тоңазытқышта екі-үш күннен артық сақталған, мейрамға дайындалған қалдық тағамдарды қолдану болып табылады. Әсіресе, тағамнан улануды арттыратын тез бұзылатын тамақ өнімдері тобына жататын ет, балық өнімдері және майонезбен әрленген салаттар. Және де осы топқа жататын десерттер, май және қаймақ кремдерімен әрленген торттар. Бұл өнімдер ауру тудыратын таяқшалардың тез көбеюіне өте ыңғайлы орта болып табылады. Осындай тағамдардың, әсіресе, майонезбен әрленген салаттардың тоңазытқышта сақталуы 24 сағаттан аспауы тиіс. Егер салаттар әрленбеген болса, оның тоңазытқышта сақталуы 2 тәулікке дейін ұзартуға болады. Алайда, бұл ет, шұжық, жұмыртқа қосылған күрделі салаттарға қатысты емес, күрделі салаттарды әрленбеген күннің өзінде, тоңазытқышта сақталуын бір күннен асырмаған дұрыс. Та-

мақтан уланудың алдын алу үшін тағамды дайындау және сақтау барысында бірқатар ережелерді сақтау қажет. Егер тағам ет өнімдері мен фарштан жасалса, аталған өнімдерді жеткілікті термиялық өңдеуден өткізу қажет. Котлет пен еттен дайындалған рулеттерді дайындау барысында технологиялық өңдеудің талабына сәйкес, қажетті деңгейде қыздырып, пісіру қажет, керісінше, бұл процедураның орындалмауы, тағам арқылы ауру таяқшалары және вирустарымен жұқтыруға ықпал етеді. Егер тез бұзылатын тағам өнімдері дүкендерде термометрмен жабдықталған тоңазытқыштың сөрелерінде сақталса, онда оның сақталуының нормалық температураға сәйкес келуіне назар аударған жөн. Дүкендерден майонез және қаймақпен әрленген, өлшеніп сатылатын салаттар жиі сатылып алынады. Мамандар аталған тағамдарды сатып алудан бас тартудың екі себебі бойынша кеңес береді. Біріншісі, бәріне мәлім, супермаркеттерде аталған күрделі тағамдарды дайындауда құрамында сақталу мерзімі аяқталуға жақын, не өтіп кеткен өнімдердің қолданылуы мүмкін және де салат құрамы ингредиентінің қаншалықты қауіпсіз екендігін тексеру мүмкін емес. Екіншіден, мұндай салаттар қауіпсіз сақталу мерзімі уақытына сәйкес емес және ұзақ сақталуына байланысты, ауру ту-

дыратын таяқшалардың көшені болып табылады. Сондықтан, тамақ дайындауға көбірек уақыт бөле отырып, өз жанұяңызды денсаулығы үшін, балғын және қауіпсіз тағамдармен қамтамасыз еткеніңіз жөн. Мейрамдық дастарханға тәтті тағамдарды қоюмен қатар, пайдалы дәрумендері бар тағамдарды да қойғыңыз келеді. Сол үшін, көбі осы мерзімде, тасымалданатын дәрумендері бар жеміс-көкөнісі өнімдерін таңдайды. Алайда, тағамды тасымалдау және сақтау кезінде, оның сыртқы түр сапасының сақталуын қамтамасыз ету үшін, әдейі заттармен өңделетінін ұмытпаған жөн. Сондықтан, сатылып алынған көкөніс-жемістерді, жүзімдерді мұқият жуып, қолданған жөн. Әсіресе шетелден келген жеміс, жемістерді жуып қана емес, қабығын тазалауды кеңес береді, өйткені қабығындағы зиянды заттар тағамнан улануды болдырмай да, аллергиялық реакцияға әкелуі әбден мүмкін. Егер тәулік бойы жалпы аурушаңдық жағдай жақсармай, керісінше, дене қызуының көтерілуі, тоқтамай құсу және іш өту белгілері күшейіп, аурушаңдық жағдай нашарлай бастаса, бұл жағдайда міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгіну қажет, ал аурудың асқыну жағдайында «жедел жәрдемді» шақырған дұрыс.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЗБ басшысы.

Көкала—(Конго — Қырым қанды геморрагиялық қызбасы) — табиғи ошақтары бар, вирустар арқылы берілетін, дүниежүзінде кең тараған аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Облыс бойынша аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жататын Конго-Қырым қанды геморрагиялық қызбасы ауруынан жыл сайын эпидемио-

соң ауру адамдардың мұрнынан, құлағынан, тіс еттерінен, жатырынан, ішегінен қан кетуі мүмкін. Бұл жағдай 3-7 күнге созылады. Асқазан мен ішекке қан кеткенде, адамның үлкен дәреті қараяды. Тістерінің түптері босап қанады, тіпті аузы-мұрнынан бірнеше күн қатарынан қан кетуі мүмкін. Осының салдарынан нау-

КӨКАЛА (Конго-Қырым қанды геморрагиялық қызбасы)

логиялық ахуал тұрақтанбай, қолайсыз жағдай сақталуда. Шымкент обаға қарсы күрес станциясының көп жылдық зерттеулер қорытындысы бойынша қазіргі таңда КҚГК вирусының негізгі және қосымша тасымалдаушысы болып табылатын кенелердің 15-ке жуық түрі облыс аумағында анықталған.

Кененің белсенділігі туралы: Н.Асиатисум кене түрінің белсенділігі наурыз айының ІІІ-ші он күндігінен бастап, маусым айының екінші он күндігі аралығында және қыркүйек айынан бастап, қазан айының І-ші он күндігі арасында болса, Н.Анатолісум түрінің мамыр айының үшінші он күндігі мен қыркүйек айының бірінші он күндігі аралығында белсенділік танытады.

Аурудың белгілері: аяқ астынан тез басталады, адамның басы қатты ауырып, денесі дел — сал болады, әлі құрып, тамаққа тәбеті шаппайды, белі сырқырайды. Адам денесінің қызуы 40 градусқа дейін көтеріледі, келесі күні лоқсып, құсқысы келеді, іші өтеді. Сосын беті ісініп, қызарады, тілінің үсті ағарады. Сырқат басталғаннан 2-4 күн өткен

қастың жағдайы нашарлап, әлсірейді, жүректің соғуы жиілейді. Науқастың терісінде укол салғанда немесе жгутпен қысқанда тері астына қан құйылып көкала дақтар пайда (көгалақойдай) болады. Уақтылы дәрігерлерге қаралып емделмеген жағдайда науқастың қайтыс болуы мүмкін. Конго-Қырым қанды геморрагиялық қызбасының жеңіл өтетін түрі де болады. Мұндайда адамның дене қызуы ұзаққа созылмайды, тері астына қан кетіп, тіс түптері қанталайды. Бір — екі рет мұрнынан қан кетеді, содан кейін адам 7-10 күннің ішінде жазылады. Ал кей жағдайларда геморрагиялық қызба ауруынан жазылу бір жарым — екі айға дейін созылуы мүмкін.

Кене шаққан жағдайда терідегі кененің үстіне май тамызып кенені пинцетпен немесе жіппен байлап жайлап ырғап-ырғап шығарады. Кенені езіп өлтіруге болмайды. Сосын тездетіп дәрігерлерге қаралу қажет.

Нұрлан СЕМБЕКОВ,
Құмкент ауыл округі ветеринариялық бекет меңгерушісі.

Өрт қауіпсіздігін сақтаған жөн

Орман өртінің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Жалпы елімізде өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары жиі өткізіліп тұрады. Онда ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер де кеңінен айтылып келеді.

Табиғаттың өзі берген орман, өттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп-өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, келешек ұрпақ алдындағы парызымыздың орындалғаны болар еді.

Нахып МҰҚЫМБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Мұрагерлік ашылды

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі, Көкөтебе ауылы, Суындық көшесі 2 үйде тұрып, 2004 жылдың 03 ақпанда қайтыс болған аз. Тұғанбаева Зиядакүлдің атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерді Түркістан облыстық нотариаттық округінің нотариусы Аманкулова Сауле Камбаровнаға хабарласуын сұраймын. Мекен жай: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 67 үй 8-701-733-99-80. Нотариус С.К.Аманкулова.

Жедел ішек инфекциялары және алдын алу жолдары

Жедел ішек инфекцияларына іш сүзегі, А және В паратифтері, сальмонеллез, дизентерия, тырысқақ, жҰқпалы гепатит және т. б. кіреді:

1. Инфекцияның фекальды-ауызша механизмі, яғни. патогеннің жұтылуы және организм ауыз арқылы жүреді, ал қоздырғыш ішекте локализацияланған;

2. су және байланыс-тұрмыстық беру жолдары;

3. Асқазан-ішек жолы мүшелерінің зақымдануымен;

4. Күзгі-жазғы маусымдық.

Жіті ішек инфекцияларының көздері негізінен ауру адамдар мен бактерия тасымалдаушылар болып табылады. Сальмонеллездің көзі ауру жануарлар немесе құстар болуы мүмкін. Ішек инфекцияларымен инфекция науқаспен немесе бактерия тасымалдаушымен байланыста, жұқтырған суды немесе жұқтырған тамақ өнімдерін пайдалану арқылы пайда болуы мүмкін. Ішек инфекцияларының қоздырғыштарын беруді шыбындар, тарақандар және кеміргіштер жүзеге асырады. Ішек инфекцияларының қоздырғыштары әртүрлі әсерлерге төзімді және сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталады, мысалы ағынды суларда – 3 айға дейін, көкөністер мен жемістерде — 5 күннен 14 аптаға дейін. Тамақ өнімдері, әсіресе сүт және ет өнімдері, сондай-ақ аспаздық өнімдер мен суық тағамдар ішек инфекцияларының қоздырғыштары үшін ең қолайлы орта болып табылады. Оларда микробтар, ең алдымен сальмонелла және Дизентериялық зонд таяқшасы 20-дан 40 қ С-қа дейінгі температурада көбіне алады. Іш сүзегі және паратифтері. Іш сүзегінің қоздырғышы-сальмонеллалар тұқымдасының жылжымалы таяқшасы. Инфекция көзі тек адам-науқас немесе бактерия тасымалдаушы. Іш сүзегімен инкубациялық кезеңі 7 — ден 25 күнге дейін, паратифтермен-2-ден 14 күнге дейін созылуы мүмкін. Іш сүзегі іш сүзегінің тән жағдайымен, делириймен, бөртпемен ауыр өтіп, өлімге әкелуі мүмкін. А және В паратифтері іш сүзегіне ұқсас, бірақ ауыр интоксикациясыз жүреді және болжам қолайлы.

Сальмонеллез табиғатта кең таралған сальмонеллалар тұқымдас бактериялардан болады. Сальмонеллалар ірі қара мал, шошқа, құс және т.б. аурудың қоздырғышы болып табылады, инфекцияның негізгі көзі — құс, әсіресе суда жүзетін құс. Мысықтар, иттер, кеміргіштер және т.б. ауру жануарлар мен құстардың арасында ішекте сальмонеллалар жиі кездеседі. Жалпы алғанда, сальмонеллалардың 2000-ға жуық түрі белгілі, олардың 100-ден астамы тек жануарларға ғана емес, адамдарға да патогенді. Сальмонеллалар барлық экологиялық факторларға төзімді, етті мұздату және маринадтау кезінде ұзақ уақыт өміршеңдігін сақтайды. Азық-түлікте олар көптеген күндер мен айларда өміршең бола алады. Ет, балық, сүт өнімдерінде сальмонелла өнімдердің органолептикалық қасиеттерін өзгертпестен жақсы өсіріледі. Сальмонеллалардың көбеюі үшін оңтайлы температура 30-37 С. 5 С-тан төмен температурада сальмонеллалардың өсуі толығымен тоқтайды. 50 С жоғары температурада сальмонеллалардың көбеюі тоқтайды, 60 қ С дейін қызған кезде бұл бактериялар бір сағаттан кейін, 70 қ С кезінде – 30 минуттан кейін, 80 қ С кезінде — 10 минуттан кейін, қайнаған кезде — бірден өледі.

Дизентерия. Дизентерияның қоздырғыштары-шигелла тектес дизентериялық таяқшалар. Олардың көзі ауру адам және бактерия тасымалдаушы болуы мүмкін. Жақында дизентерияның жиі себебі-сүт өнімдері. Бұл

қолшатыр таяқшасы ашытқы дақылдары мен сүт өнімдерінде көбейіп, жинақтала алатындығына байланысты. Ол сүтте екі аптадан астам уақыт, қаймақпен — 11-86 күн, көкөністер мен жемістерде 3-8 күн сақталады. Дизентерия Зоннасы көбінесе жеңіл, өшірілген ағымға ие және өзін-өзі емдеу кезінде көптеген ауру адамдарда бактерия тасымалдаушысы пайда болады. Инфекцияның су жолы негізінен Флекснер дизентериясына, ал контактілі-тұрмыстық — Григорьев—Шиг дизентериясына тән. Қауіпті — қолданар алдында термиялық өңдеуден өтпеген өнімдерді-науқастар мен бактерия тасымалдаушылар жұқтырған немесе топырақ жұқтырған көкөністерді, жемістер мен жидектерді пайдалану. Суды, сүтті қайнатқанда, өнімдерді термиялық өңдеу кезінде дизентерия таяқшалары тез өледі. Дизентериядағы инкубациялық кезеңнің ұзақтығы 1-ден 7 күнге дейін (көбінесе 2-3 күн). Ауру жедел дамиды, нәжіс күніне 10-12 рет жиілейді, нәжісте шырыш пен қан пайда болады. Дизентерияның созылмалы түрлерінің дамуы мүмкін.

Тырысқақ. аса қауіпті инфекциялардың қатарына жатады. Тырысқақ қоздырғыштары (азиялық тырысқақ вибрионы және Эль-Тор вибрионы) қоршаған ортада, әсіресе тұщы және теңіз суларында ұзақ уақыт өмір сүреді. Инфекция көзі — тек адам. Тырысқақ вибриондары қоршаған ортаға тырысқақтың типтік немесе жойылған нысандарымен, сондай-ақ қалпына келтіруші және вибрион тасымалдаушылардан науқастардың бөлінуімен түседі. Тырысқақтың берілуінің жетекші факторы-су.

Тырысқақтың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 5 күнге дейін, көбінесе 2-3 күнді құрайды. Ауру кенеттен басталады. Тырысқақтың тән белгілері-күріш сорпасы түріндегі диарея, бұзау тышқандарының спазмы, бірнеше рет құсу, дегидратация. Аурудың ауыр және найзағай жылдам түрлерінде өлім жоғары болуы мүмкін. Холера Эль-торында көбінесе жойылған формалар және асимптоматикалық вибрионоситация байқалады.

А вирустық гепатит қоздырғыш энтеровирустар тобына жатады. Инфекция көзі-ауру адам және вирус тасымалдаушы. Вирустың таралуының негізгі жолы-фекальды-ауызша, бірақ парентеральды берілу механизмі мүмкін, олар ауа тамшыларын беру мүмкіндігін ұсынады. Балалар (бір жылдан кейін) және жастар инфекцияға өте сезімтал. А гепатитінің инкубациялық кезеңі орта есеппен 21-28 күнді құрайды (7-ден 50 күнге дейін). Аурудың белгілері-әлсіздік, жүрек айну, құсу, оң жақ гипохондридағы ауырсыну, сарғаю және т.б. болжам негізінен қолайлы. Жедел ішек инфекцияларына басқа вирустық диарея (вирустық гастроэнтерит) жатады: ротавирус, паровирус және пикорновирус, олар адамнан адамға байланыс және тұрмыстық жолмен, сондай-ақ ластанған сумен немесе тамақпен берілуі мүмкін. Тамақ өнімдерінде вирустардың көбеюі болмайды.

Ішек инфекцияларының алдын алу принциптері:

Кәсіпорынды абаттандырудың жоғары деңгейі; жинаудың, дезинфекциялаудың, дезинсекциялаудың және дератизациялаудың санитарлық режимін қатаң сақтау; жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау; науқастар мен тасымалдаушыларды уақтылы анықтау және оларды оқшаулау; тамақ және тамақ өнімдерін өндіру, сақтау және өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

Ақерке АМАНГЕЛДІ,
Созақ аудандық орталық ауруханасының эпидемиолог дәрігері.



Жайлы мектеп бой көтерді

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылында орналасқан «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің» жаңа ғимараты бой көтерді.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғаны айты.

«Орта білімнің сапасы — табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек», — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ұлттық жобаны іске асыру мақсатында бүгінде Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің ғимаратының құрылысы салынууда.

Бүгінде Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің іргетасы қаланғанына ғасырға жуық уақыт болыпты. 1962 жылдан бастап ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин есімімен аталып, ауданымыздағы №1 орта мектеп болып келді. Тұңғыш ұлы ағартушы есімі берілгеннен де жарты ғасырдан асыпты. Содан бері ауданымыздағы №1 мектеп болып саналатын білім ошағынан 5600-ден аса түлек түлеп шығып, сол түлектер бүгінде еліміздің үлкен салаларында қызмет етуде. Бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекет пен адам озық бәсекеге сай болуы үшін ең бірінші білім

мен ғылымды өркендетуде болашақ ұрпақтан күтеріміз көп. Қазіргі таңда заманауи үлгіде салынып жатқан ғимараттың аяқталуын оқушылар мен мұғалімдер асыға күтуде.

Бұл ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі дирекция ретінде «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамы айқындалғаны барлығына мәлім. Сапалы білім беру жолында жаңа модернизацияланған кабинеттермен жабдықталатын білім ордасы жаңа бағытта жұмыс жасауға мүмкіндік туғызары анық. Сондықанда ұстаздар мен оқушыларды қуантқан жаңа жайлы мектептің басты ерекшелігі-балалардың дағдылары мен құзыреттерін жан-жақты дамытуға бағытталғаны әрі оның заманауи тұрғыда жабдықталуында. Мектептің жеке кітап қоймасы, оқу залы, электронды кітапханасы мен ғимараттың әр қабатына коворкинг аймағы және әмбебап шеберханалар, бастауыш кәсіптік білім беруге арналған кабинеттер оқушыларды бейіміне қарай білім алуына мүмкіндік береді деп күтілуде. Өскелең ұрпақтың стандартқа сәйкес сапалы білім беруге үлкен жауапкершілікпен қарау-болашағымыздың жарқын болуына септігін тигізбек. Тағы бір айта кетерлік нәрсе, жайлы мектептер ең алдымен Wi-Fi және жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылып, компьютермен жабдықталған физика, химия, биология дәрісханалары мен оқу зертханалары, робототехника кабинеттері жұмыс істейтіні мұғалімдер мен оқушылар үшін қуаныш.

Сондықтан да жарқын болашақ үшін аянбай еңбек етіп, ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру ұстаздар қауымының, яғни біздің басты міндетімізекенін ұмытпайық!

Нүргүл КЕНЖЕҒАРАЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржанай МАЙТУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3250 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.